

І ТУЫ

ІТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ІАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

январь Жексенбі

шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ТУЫН

К

дыңғы қатарлы кәсіпорны, совхоздары, тапсырмаларды жыл мүлтіксіз орындауға аянбай күш жұмсаған кәсіпорындағы өндірістік жоспарды орындау жолындағы тәжірибесі. Сол сияқты, колхоздағы көктемгі егістерге қызу қарқынмен Редакцияға жергілікті жаңалықтар туралы хабарлар мұ-

кәсіпорындарының, совхоздардың шаруашылық міндеттерін орындауда елеулі кемшіліктерді айырықша назарға алып қарайтын. Ол жерлерде тағайындалған жұмыстардың жылдың алдымен орындалмауына бір себебі — социалистік ұйымдастыру маңызды іске жете алмай отыр. Мәселен, ағаш торабында бесжүзшіні кеміткен, жұмыстың

Облыстың өнеркәсіп орындарында

283 мың сомның өнімі

Приешім аудандық өндіріс комбинатының коллективі өндірістік программаларды орындау, заттардың жаңа түрлерін өндіру жөнінде өткен жылы қолжеткен табыстарын баянды ете отырып, үстеміздегі жылы жаңа табыстарға жету үшін жаңа жылдың алғашқы күнінен бастап өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетті. Комбинат коллективі жаңа жылды күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті өнімдер шығаратын цех бойынша өндірістік жоспарды асыра орындаумен қарсы алды. Коллектив жылдық жоспарды ойдағыдай орындап, жоспардан тыс 283 мың сомның өнімін берді. Олардың қаржы үнемдеу ісіндегі қолжеткен табыстары да айтарлықтай. Атап айтқанда, қор жыйнау жоспары 249 процент орындалды.

Жұмысшылар арасында еңбек тәртібі жақсарып, еңбек өнімділігі әлде қайда артты. Шығарылатын өнімнің түсер бағасы едәуір кемітілді.

1951 жыл — өндіріс комбинатында жаңа цехтар салынып, олар жұмысқа қосылған жыл болды. Мұнда үлкен үйі салынып, онда ағаш шеберлері және

Социалистік жарыс мынаны айтады. Оқушылар жұмысты нашар істейді, енді біреулер жақсы, тағы біреулер одан да жақсы істейді, — таңдаулыларды қуып жетіп, жаппай өрлеуге жету керек.

И. СТАЛИН.

Мал шаруашылығының маңызды саласы

Қой шаруашылығын өркендеті түсейік

Облыс колхоздарының қой өсірушілері партиямыз бен үкметіміздің қой шаруашылығын өркендету жөніндегі нұсқауын орындау жолында жанамай еңбек ете отырып, шаруашылықтың бұл саласында бірқатар күрделі табыстарға ие болуда. Колхоздарда қой шаруашылығын өркендету жөніндегі үшжылдық жоспар ойдағыдай орындалып, 1949 жылмен салыстырғанда 1951 жылы қой саны екі есе көбейді, сонымен бірге одан жүн қыркүзкі өседей арттырылды.

Қой шаруашылығын өркендетуде және жүн дайындауды арттыруда Приешім, Октябрь, Кониюхов, Полудень және Соколов аудандарының колхоздары жақсы көрсеткіштерге жетті. Бұларда қой түлігін өсірудің үшжылдық жоспары толық орындалды. Ал, Приешім ауданының колхоздарында қой өсірудің үшжылдық жоспары 113,7 процент орындалды. Бұл ауданда соңғы үш жыл ішінде қой саны — 117,6 процент көбейді. Аудан қой өсірушілері мұндай елеулі табысқа қойды зоотехникалық мандерігерлік ережелерге сәйкес күту арқылы, әсіресе, төлді аман сақтау арқылы жетті. Аудан колхоздарында орта есеппен жыл сайын әрбір

қойы да ойдағыдай емес. Осы уақытқа дейін әрбір қойдан жүн мейлінше аз қырқылып келеді. Мәселен, өткен жылы облыс бойынша әрбір қойдан 3,3 килограмм жүн қыркүз орнына, 1,8 килограммнан ғана жүн қырқылды. Ал, оның ішінде әрбір қойдан Петропавл ауданында 1,5, Преснов ауданында 1,6 және Ленин ауданында 1,7 килограмм ғана жүн қырқылды. Жекелеген колхоздарды алатын болсақ, жағдай өте-өте нашар. Өткен жылы Кониюхов ауданындағы Киров атындағы, «Жаңа тұрмыс» колхоздарында, Булаев ауданындағы Карл Маркс атындағы және басқа да колхоздарда әрбір қойдан 1,2 килограмм ғана жүн алынды.

Жүн дайындау ісінің мұншалықты төмен дәрежеде болуының негізгі себебі мынада: аталған аудандар мен колхоздарда қой түлігін күту зоотехникалық мандерігерлік ережелерге сай жүргізілмейді, қойлар жылдар бойына біркелкі жақсы күтімге алынбайды. Күйі төмендеген қойдан жүн өте аз қырқылатындығын тәжірибе көрсетіп жүр. Егер қой түлігі қысы-жазы бірдей жақсы күтімге алынса, одан жүн өнімі әлде қайда көп

Колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы

Теория мен тәжірибе ұштастырылуда

Өткен жылы «Аралараш» колхозында ұйымдастырылған үшжылдық агро-зоотехникалық курста сабақ идеялық жағынан төмен дәрежеде өтті және оқу программасы да толық орындалмай қалды.

Колхоз және МТС басшылары өткен оқу жылындағы осындай елеулі кемшіліктерді еске ала отырып, жаңа оқу жылы бірқатар тыңғылықты өзгеріспен бастады. Кәзір мұндағы курста сабақ уақытылы және тиісті дәрежеде өтеді. Бұл курсты Совет МТС-нің участоктік агрономы Х. Лянов жолдас басқарып жүр. Ол сабақ өткізуге үлкен әзірлікпен келеді. Сондықтан да оның әрбір лекциясын колхозшылар зер сала тыңдайды да, оған түгел қатысады.

Лянов жолдас оқу жылы басталғаннан бері 7 рет сабақ өткізді. Мұның барлығында да сабақ идеялық жағынан жоғары дәрежеде өтті. Колхозшылар, әсіресе, агрономның: «Ауылшаруашылық артелінің Уставы — колхоз өмірінің мызғымас заңы», «Көктемгі егіске тұқым әзірлеу туралы», «Өсімдіктердің тіршілігі» және «Егістік алаңдарға қар тоқтатудың маңызы» деген тақырыптағы лекцияларын

айналымын тездету сыяқты шаруашылық ұйымды мейлінше өркендетуге бағытталған күрестің жаңа түрлерін туғызып, еңбекші бұқараны олар күресте қажырлы еңбек істеуге жігерлендіріп келеді.

Облысымыздың еңбекшілері, бүкіл совет халқымен бірге, соғыстан кейінгі бесжылдықтың міндеттерін және 1951 жылдың халық шаруашылығының жоспарларын ойдағыдай жүзеге асырып, үстіміздегі жылы алға қойылып отырған жаңа күрделі міндеттерді орындауға кірісті. Кәсіпорындарының жұмысшылары, колхозшылар, МТС, совхоз қызметкерлері жаңа жылдың міндеттерін орындауға жаңа күш-жігермен белсене кірісіп отыр.

Жергілікті партия, комсомол ұйымдары, кәсіподақтары алда тұрған шаруашылық және мәдени құрылысымызды өркендету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау үшін социалистік жарыс туын жоғары ұстап, еңбекшілер бұқарасын Отан игілігі жолында қажырлы еңбек істеуге жұмылдыра білулері керек. Об-

лысымен жүзеге асыруды, олар үшін бұқараның инициатива көрсетуін, жұмысты біреулердің нашар істейтіндігін, біреулерінің жақсы, енді біреулерінің одан да жақсы істейтіндігін байқап, көріп, таңдаушыларды қуып жетіп, жалпы өрлеуге жетуді қамтамасыз ету болып табылады. Социалистік жарысқа нақ осындай маңыз берілген жерде, жарыста коммунистер мен комсомолецтер жетекшілік роль атқарған жерде ғана іс табысты болады.

Сонымен қабат, жарыстың барысын үнемі бақылап, міндеттемелердің орындалуын тексеріп, кемшілік кездесе оны тез түзеу, ал, жақсы тәжірибелерді жыйнақтап, көпшіліктің ортасына салып отыру керек. Бұл адамдарды еңбекке саналылықпен қарауға, өз ісін жақсы көруге тәрбиелейді, ақырында, жарыстың әсерлі болуына, міндеттемелердің іс жүзінде мүлтіксіз орындалуына мүмкіндік туғызады.

Социалистік жарыс туын жоғары ұстайық! Үстіміздегі жылдың жаңа міндеттерін табысты орындауға жарыстың барлық жігер беруші күші толық жұмылдырылсын!

—00—

Ленин күндері қарсаңында

АЛМАТЫ. Қазақстан астанасының кәсіпорындарында, мекемелері мен оқу орындарында Ленин күндеріне әзірлік қызу жүргізілуде. В. И. Лениннің революциялық қызметі мен өміріне арналған әңгімелер, баяндамалар, лекциялар өткізілуде. Жұмысшылар клубтарында, қызыл мүйістерде және үнемі жұмыс істейтін үгіт пункттерінде Ильич туралы әңгіме өткізуші үгітшілердің саны 12 мыңға жуықтады.

Насихатшылар «Ленин жолымен. Сталин жолдастың басшылығы арқасында Лениссіз өткен 28 жыл», «В. И. Ленин — ұлы большевиктер партиясының көсемі және ұйымдастырушысы», «В. И. Ленин — советтік социалистік мемлекетті жасаушы», «Ленинизм — бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің коммунизм үшін күресінің туы» деген тақы-

рыптарда баяндамалар жасап, лекциялар оқыды.

Партия оқуы үйлерінде, аудандық партия кабинеттерінде, кітапханаларда, клубтарда В. И. Ленинге, Лениннің еңбектеріне арналған көрмелер, фотомонтаждар ұйымдастырылған.

БАҚҰ. Қаланың Ленин ауданында 1500 үгітшілер бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі В. И. Ленин туралы, Ленин — Сталин партиясының басшылығымен совет халқы жеңіп алған бақытты өміріміз туралы заводтар мен мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысшылары арасында әңгімелер өткізуде. Партия кабинеттерінде, мәдениет сарайларында, кітапханаларда В. И. Лениннің басылып шыққан еңбектерінен, Ленин туралы жазылған кітаптардан көрмелер жабықталуда.

11 январь. (СОТА).

мысшының рационализатор болуына жетісуді, өндірістік тапсырмаларды толық және асыра орындауды өздерінің алдына мақсат етіп қойып отыр.

С. ШАТУНОВ,

Завод партия бюросының секретары.

ры.

Қойлар қоздай бастады. Қозы күтушілер Нурмағанбетова және Қалиева жолдастар қозыларды аман өсіріп келеді. Олар төлді күн ілгері әзірленген үйді бағып, күтеді.

қой қоздай өсірілуде.

Бұл қозылардан тың

Көктемгі егіске әзірлік ме


Қажырлы еңбек

Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің колхоздар мен совхоздарда егін шығымдылығын арттыру жөніндегі қаулысына жауап ретінде, Ұзынкөл астық совхозының механизаторлары көктемгі егіс басталғанға дейін тракторлар мен тіркеу саймандарын толық жөндеп болу үшін бұл жұмысқа қолда бар күш мүмкіншілікті барған сайын тиімді пайдаланып келеді.

Совхозда тракторлар тораптық әдіспен жөнделіп жатыр. Жөндеу жұмысында бұл әдісті қолдану әрбір механизаторға өзінің күндік және бескүндік жұмыс тапсырмасын үнемі орындап отыруға мүмкіндік беріп келеді. Механизаторлардың мұндай өнімді еңбек етуі совхоз бойынша тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жөніндегі жоспардың дәлме дәл орындалуын қамтамасыз етті.

Механизаторлар қолжеткен табысқа қанағаттанған жоқ. Қайта, керісінше, олар жаңа жылда жөндеу жұмысының сапасын бұрынғыдан да жақсартып, қарқынды арттыра түсті. Сөйтіп, механизаторлар үстіміздегі айдың алғашқы онкүндігінде тағайындалған графикті артығымен орындауға жетісті. Мәселен, тракторшы Трофимов, Гаар және ұста Касейн сменалық норманы үнемі 150—170 проценттен орындап жүргендер. Олар мұнымен бірге, жөндеу материалдары мен құрал-жабдықтарын жұмысқа тиімді пайдалануда басқаларға үлгі көрсетіп жүр.

Б. ЖҰНЫСОВ.



СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Сменалық жөндеу орындаушы Чистья МТС-нің стахановшысы Павел МТС-нің мотор поршенин жөндеу жөніндегі М. Суакас жолдастар.

МОЛ ӨНІМ Ү

Калинин атындағы колхоздың (Преснов ауданы) егіншілері көктемгі егіске тыңғыллықты әзірлену жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп түсуде. Осы арқылы олар тұқым тазалауда және егістік алаңға ылғал жыйнауда өнімді еңбек етуге жетісуде.

Мұнда көктемгі егіске қажетті тұқым қоры ойдағыдай тазаланып жатыр. Әбден тазаланып, себу дәрежесіне жеткізіл-

ген тұқым астық Сол тоқтату қыштар жұмыс беру сап Көзірдің 17 жар

ҒЫ ДАҒҚТЫ ОҚЫЙҒА

ы социал-демократиялық
(ыл полубына)

жымылаш
шқандай
ді. Сол
Батумде
сы бар
й.
КП Тиф
йынша,
ж құру
ді. Ол
ен бай
ішінде
социал
стырды.
жолдас

төгеді». Бұл конференциядан кейін Батумның социал-демократиялық ұйымы Сталин жолдастың басшылығымен жұмысшылардың арасында, сол сыяқты, қала маңындағы шаруалардың арасында бұрынғыдан да гөрі жергіі революциялық жұмыс жүргізе бастады.

Январьдың бас кезінде РСДЖП Батум комитеті шарып, астыртын баспахана құрды, үндеу хаттар мен прокламациялар басылуын ұйымдастырды. Бұлардың көбін Сталин жолдас жазды. Фабрикалар мен заводтарда жұмысшылардың бірнеше ереуілдері ұйымдастырылып, өткізілді. Батум жұмысшыларының 1902 жылғы 9 марттағы аса зор саяси демонстрациясы Батумда өте ірі оқыйға бодды. Бұл демонстрацияны Сталин жолдастың өзі ұйымдастырып, өзі демонстрацияшылардың алдыңғы қатарында бодды. Закавказьеде ғана емес, бүкіл Россияда да революциялық қозғалыстың бұрынғыдан өрі өрлеуі үшін бұл демонстрациялардың маңызы аса зор бодды. Мұнда стачканы саяси демонстрациямен біріктіру жүзеге асырылды.

ыйналы
патша
ді же
ь атқа
айкын

Закавказьеде пролетарлық интернационализм негізінде, лениндік принциптер негізінде құрылған лениндік-искралық ұйым Сталин жолдастың басшылығымен оппортунизмге қарсы мейрміз күресте осылай құрылып, осылай шынығып отырды.

Батум пролетариатының революциялық күресінің өрлеуіне патша үкметі абыржи бастады. «Бүлік бастаушыларды» құғындау басталды. Осының нәтижесінде патша тыңшылары Сталин жолдастың ізіне түсіп, оны тауып, 1902 жылы 5 апрельде тұтқындан, оны түрмеге салды. Бірақ, түрме торына түссе де Сталин жолдас сыртқы дүниемен байланысын үзбеді. Закавказье жұмысшыларының революциялық күресіне сол ара

Тифлис
ң ара
мүшеле
ариясы
қушысы
нді жі
атиялық
шен та
және
кетіп

Булаев станциясында

Теміржолшылардың эл-ауқат күйі жақсаруда

Булаев теміржолшыларының эл-ауқат күйі күннен-күнге жақсарып, мәдени дәрежесі арта түсуде. Станцияда көптеген жұмысшылар мен қызметшілер өздеріне мотоциклдер, велосипедтер, радиоқабылдағыштар және басқа да бағалы заттар сатып алуда. Булаев электр станциясының машинисі Сергеев өткен жылы мотоцикл, мылтық, радиоқабылдағыш сатып алды. Электромонтер Гуськов, стрелочник Шпак, жол бақылаушы Кузнецов жолдастардың да мотоциклдары бар.

Электр станциясының бастығы Черников, жол жұмысшысы Чулуков, стрелочник Коняев және басқалары үйлеріне радиоқабылдағыштар сатып алып орнатты. Станцияның, околотканың барлық жұмысшысының дерлік велосипеді бар.

Карт теміржолшылар

Билет кассасының кассирі Еремей Егорович Борисовтың Булаев станциясында жұмыс істей бастағанына 30 жыл бодды. Өзінің жұмыс істеген уақыты ішінде ондаған жас өндірісшілерді дайындады. Ол станция және жол бөлімшесі басшыларынан бірнеше рет бағалы сыйлықтар және алғыс алды.

Еремей Егоровичпен бірге Булаев станциясының околоткасында Григорий Степанович Хряков көп жылдан бері жол байқаушы болып істейді. Өткен жылы үкметіміз карт теміржолшының еңбегін жоғары бағалап, оны Ленин орденімен нағраптады.

Тоездар үздіксіз жөнелтілуде

Жасыл түсті светофорлардың жарығы жарқыраған ұзыннан-ұзақ созылған теміржолмен Булаев станциясы арқылы поездар үздіксіз жөнелтіліп тұрады. Батыстан Шығысқа, Шығыстан Батысқа қа

Совет үкметінің АҚШ үкметіне нотасы

Мұнан бұрын хабар етілгеніндей, Совет үкметі өзінің 1951 жылғы 21 ноябрьдегі нотасында АҚШ үкметіне АҚШ-та қабылданған «Хауісіздікті өзара қамтамасыз ету туралы 1951 жылғы заң» жайында наразылық білдірді. Бұл заң Совет Одағына қарсы бағытталған бүлдіру және диверсия әрекетін ұйымдастыруға 100 миллион доллар арнаулы қаржы жұмсауды көздейді. ССРО үкметі өзінің нотасында АҚШ үкметінен жоғарыда айтылған заңды бұзуға тиісті шаралар қолдануды күтетінін білдірді.

1951 жылғы 19 декабрьде АҚШ үкметі Совет үкметіне жауап нота тапсырды. Бұл нотасында Америка үкметі фактілерге қарамастан, бұл заңның агрессиялық сипатын мойындамайды және оны өзінің қорғауына алады.

9 январьда ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Совет үкметінің тапсыруы бойынша АҚШ-тың Москвадағы елшілігі арқылы Америка Құрама Штаттары үкметіне мынадай мазмұнды нота жолдады:

«АҚШ үкметінің 1951 жылғы 19 декабрьдегі нотасына байланысты Совет үкметі мынаны білдіруді қажет деп тапты: 1951 жылғы 10 октябрьде АҚШ-та қабылданған хауісіздікті өзара қамтамасыз ету туралы дейтін заң жайында Совет үкметінің 21 ноябрьде жолданған нотасына Құрама Штаттардың үкметінің қайтарған жауабын Совет үкметі қанағаттанарлық жауап деп танып аламайды.

Жұртқа мәлім болып отырғанындай, бұл заң «Совет Одағында, Польшада, Чехословакияда, Венгрияда, Румынияда, Болгарияда, Албанияда... тұратын ірі-темің алынған адамдардың қандайын болса да, немесе бұл елдерден қашқан адамдарды не Солтүстік-атлантика договорының ұйымын қолдайтын қарулы күштердің бөлімдеріне біріктіруді, не басқа мақсаттарға жұмсауды» қаржыландыруға 100 миллион доллар қаржы бөліні көздейді.

оның ішінде екінші жаққа қарсы қорғаныс күресін жүргізу мақсатын көздейтін соғыс ұйымдары немесе топтарының өз жерінде құрылуына немесе тұруына жол бермеуге және ондай ұйымдарды қаржыландырмауға міндеттенді. Құрама Штаттар үкметі мен Совет үкметі оның үстіне бұл келісім бойынша «ондай ұйымдар мен топтарға арнап қандай да болса адам жалдан алуға жол бермеуге» міндеттенді.

1951 жылғы 10 октябрьдегі заңның қабылдануы Құрама Штаттар үкметінің 1933 жылғы совет-американ келісімін бұзып, Совет Одағына қарсы бүлдіру, шпиондық, диверсия әрекетін жүргізу үшін астыртын бандаларды және қылмысшы адамдарды ұйымдастыру, оларды қаржыландыру мақсатын көрсетеді. Совет Одағының ішкі істеріне өрескел қол сұққандық болып табылатын АҚШ-тың мұндай әрекеттері Құрама Штаттар үкметінің 1933 жылғы 16 ноябрьдегі совет-американ келісімі бойынша алған өзінің міндеттемелерін әдепсіздікпен аяқасты етіп отырғанын дәлелдейді.

АҚШ үкметінің 10 октябрьдегі заңды қабылдауы, сол сыяқты, мемлекеттердің өзара қатынасындағы болып көрмеген өрескел әрекет халықаралық право ережелерін мәліміше өрескел бұзғандық болып табылады және елдер арасындағы тұрыс қатынасқа мүлде қайшы келеді. Құрама Штаттардың бұл заңды қабылдауын АҚШ пен Совет Одағы арасындағы қатынасты онан сайын шиеленістіруге және халықаралық жағдайды шиеленістіруге бағытталған агрессиялық әрекет деп бағаламайынша, басқаша бағалауға болмайды. Жалдамалы агенттердің астыртын бандаларын құру жолымен басқа мемлекеттердің ішкі істеріне өрескел қол сұғудың және басқа мемлекеттердің жерінде диверсиялық-террорлық әрекет жүргізу мақсатымен қылмысшы адамдарды пайдаланудың өзінің 19 декабрьдегі нотасында АҚШ үкметі көрсет

Қазақстан большевиктері V съезінің

қарарын мүлтіксіз орындайық

Петропавл аудандық партия активінің жыйналысынан

Петропавл аудандық партия активінің жыйналысы болып өтті. Жыйналыста Қазақстан Коммунист (большевиктер) партиясының V съезінің қорытындылары аудандық партия ұйымдарының міндет-ғұралуы ҚК(б)П аудандық комитетінің секретары Исаков жолдас баяндама берді.

Баяндамашы республиканың партия ұйымдары мен еңбекшілер бұқарасының ашылығымыз бен мәдениетті оған өркендету күресіндегі жауынгерлік программасы болып табылатын Қазақ большевиктері V съезінің қарарына кең талдау жасап, оны жүзеге асырудың алдындағы күрделі міндеттерге тоқталды. Баяндамада, әсіресе, аудандық комитеттің қорғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудегі, мал қыстату маусымындағы ұйымдастыруындағы, сондай-ақ, еңбекшілерге өзіндік еңбекке өтуге әзірліктегі елеулі кемшіліктер ерекше аталып көрсетілді. Баяндама бойынша жарыссөзде сөйлегендер Қазақстан большевиктерінің V съезінің қарарын ойдағыдай жүзеге асырудағы өзіндік үлесін көрсетіп, қыстағы жұмыстарын қатты бағалады. Олар атындағы колхоздың председателі Архангелка селолық Советінің председателі Фоменко жолдас селолық Советтің маусымдық баяндай келіп, аудандық комитетінің кадрларды іріктеп алу және орналастыру, тәрбиелеу ісіндегі кемшіліктерін сындады.

— Исаков жолдас, — деді ол, — баяндамасында кадрларды іріктеп алу жөнінде көп кемшіліктердің болғанын айтты. Бұған, алдымен, аудандық партия комитетінің кінәлі. Өйткені, ол кейбір істе сыналмаған кездейсоқ адамдарды басшы қызметке жібереді. Мәселен, Захаров деген біреуді Калинин атындағы колхозға

Біздің колхоздың бір жылғы табысы осыны көрсетіп отыр. Өткен жылы артельге мүшелікке жаңадан 40 адам қабылданды. Колхозшылардың еңбек өнімділігі 12 есе өсті. Колхоздың жылдық табысы 890 мың сомға жетті. Мұның 550 мың сомы колхоздың күрделі құрылысына жұмсалды. Ал, қорғамдық мал өрбір тұлға бойынша бір жылдың ішінде 30-46 процентке дейін өсті және оның өнімділігі анағұрлым артты. Колхоз бізге егін өсірді.

Алайда, шарықтап өркендеген колхоз құрылысы бізден жаңа талаптарға сай жұмыс істеуді қажет етеді. Келесі жылға мал азығының тұрақты, берік базасын жасау үшін қазірден бастап әзірлік жүргізуіміз керек. Ауданның партия, совет ұйымдары мен шаруашылық орындары бойла алқаптарын сұландыру жөнінде қазірден бастап тиісті шараларды белгілеуі керек. Біздің колхоз V съезінің қарарына орындай отырып, қорғамдық шаруашылықты өркендетуде жаңа табыстарға жете береді.

Архангелка селолық Советінің председателі Фоменко жолдас селолық Советтің маусымдық баяндай келіп, аудандық комитетінің кадрларды іріктеп алу және орналастыру, тәрбиелеу ісіндегі кемшіліктерін сындады.

— Исаков жолдас, — деді ол, — баяндамасында кадрларды іріктеп алу жөнінде көп кемшіліктердің болғанын айтты. Бұған, алдымен, аудандық партия комитетінің кінәлі. Өйткені, ол кейбір істе сыналмаған кездейсоқ адамдарды басшы қызметке жібереді. Мәселен, Захаров деген біреуді Калинин атындағы колхозға

председательдің орынбасарлығына және бастауыш партия ұйымының секретарлығына ұсынды. Ендеше, Захаровтың бұл жұмыста оған көрсетілген сенімді ақтамағандығы, тұрмыста азығында қалынуы таңқаларлық нәрсе емес.

Фоменко жолдас сөзінің соңында, жыйналысқа қатысушылардың назарын колхозды деревняның мәдениетінен оған әрі жақсартуға, клубтар мен оқу үйлерін дұрыс пайдалануға, сондай-ақ, жастар арасындағы тәрбие жұмысын күшейтуге аударды.

Михайловка жетіжылдық мектебінің директоры Кербер жолдас сөзін идеологиялық жұмыстың дәрежесін жоғары көтеру мәселелеріне арнады. Колхозшылар деді ол, саяси және ғылыми тақырыптарда оқылған лекцияларды зор ықпалмен тыңдайды. Біз, әсіресе, коммунизмнің алып құрылыстары, халықаралық жағдай, дінге қарсы тақырыптарына арналған лекцияларды көбі оқуымыз керек. Бұл үшін аудандық партия комитетінің тиісті бөлімі лекциялық насихатқа басшылық ісін негізінен жақсартуы қажет. Мұғалімдердің кейбіреулері «ескі азығына» қанағаттанғып жүр. Осының салдарынан тарих, география пәндерін оқытуды бүгінгі күнгі жаңалықтармен байланыстыра алмайды. Мұның өзі село интеллигенттері, соның ішінде мұғалімдер арасындағы саяси жұмысты жақсартуды талап етеді.

Петропавл МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Мальцев жолдас МТС коллективі өткен жылы социалистік жарыста алған міндеттемелерін абыроймен орындап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын сыйлыққа алғанын, бұл табысты баянды ету үшін олар қазір қажырлы еңбек етуде екенін айтты. МТС трактор жөндеу жұмысының тоқсандық жоспарын Қазақ

стан большевиктерінің V съезінің ашылуы күніне толық орындалса, жаңа, 1952 жылды бұл жоспарды 150 процент орындаумен қарсы алды. Алайда, жұмыста кемшіліктер де жоқ емес. Кең алыпды шөп машиналарын жүргізетін гидрар дәйрлау ісін МТС, колхоз басшылары ұйымдастыра алмай отыр.

Аудандық май өндірісі мекемесі партия ұйымының секретары Долгушин жолдас аудандық партия комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімі мекеме партия ұйымдары мен кәсіподақ ұйымдарының жұмысына жеткіліксіз басшылық жасап отырғанын айтып фактілер келтірді. Мұнан кейін ол май өндірісі мекемесінің директоры Поповтың жаны мен өзара сынға қысым жасайтын, ал аудандық партия комитеті бұл фактіні біле тұра ешбір шара қолданбай келе жатқандығын айтты.

Аудандық комсомол комитетінің секретары Маралбаева жолдас аудандық комсомол ұйымы жұмысының жайып баяндай келіп, комсомолецтер мен жастардың өндірістің барлық салаларындағы белсенділіктерін арттыра беру үшін олардың арасындағы саяси-тәрбие жұмысын Қазақстан большевиктерінің V съезі қойған талаптарға сай ұйымдастыру қажеттігіне тоқталды.

Жарыссөзде Асанов МТС-і директорының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары Шлысов, Ворошилов атындағы колхоздың председателі Рахметов, аудандық Совет атқомінің председателі Ықыраев жолдасар — барлығы 15 адам сөз сөйледі. Актив жыйналысына облыстық партия комитетінің әкімшілік бөлімінің меңгерушісі Липин жолдас қатысты.

Жыйналысы Қазақстан большевиктерінің V съезі қарарларын жүзеге асыру жөнінде нақтылы шаралар белгілеп қаулы алды.

Бұл келісім бойынша құрған және Совет Одағы бір істеріне қандай түрде болса науға, қарулы интервенция немесе қолдау, не болма жақтардың «саяси немесе әл-рылығын күшпен өзгерту» көздейтін ешқандай әрекет өзара міндеттенді, сол сыяқты ұйымдарды және үкіметтен көмек алатын ұйымдарды міндеттенді тектатуға міндеттенділігі бойынша Құрама Штаттар Одағы, сол сыяқты, жор қетілген мақсаттарды көздейтін да болса ұйымдардың немесе

Корея

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ

ПХЕНЬЯН, 11 январь. (СО) Халық -Демократиялық Республикалық армиясының Бас командогін корей Халық армиясының қытай халық еріктілері бірлесе тығыз қыймыл жасай өздерінің бұрынғы алып тұрған де американо-ағылшын ил мен лисынманшыл әскерлерге ғаныс ұрыстарын жүргізу деп хабарлады.

Кеше Шығыс майданның учасоктерінде жергілікті ман

КИ

«УДАРНИК» кинотеатрынд

«ХАУПТИ САПАР»

Сеанстар сағат 6-8-10-да баст

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1.86, редактордың орынбасары — 2.36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1.33.2, корректорлар бюросы — 4.39. Газет баспасы — 0.22, газет табыс етілмесе — 1.19 тел.